

Телжан  
ШОНАНҰЛЫ

ШЫГАРМАЛАРЫ

3





# Телжан ШОНАНҰЛЫ

## ШЫҒАРМАЛАРЫ

Үш томдық шығармалар жинағы

### Үшінші том

Шығармалары.

Т.Шонанұлы туралы материалдар



Алматы 2013  
“Ел-шежіре”

УДК 80.181  
ББК 81.2 Қаз  
НН 78

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұғрагат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды турлерін басып шыгару»  
байдарламасы бойынша шыгарылды*

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жауапты редакторлар:

ҚР ҮФА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор  
- Р.Сыздық.

ҚР ҮФА корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор –  
Д.Қамзабекұлы.

Түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О.Жұбаева  
Жауапты шыгарушылар: **М.Мырзагұл, Б.Мырзабай** (құрастыруышы).

**Шонанұлы Телжан**

Ш178 Үш томдық шығармалар жинағы. Шығармалары. Т.Шонанұлы тұра-  
лы материалдар / Телжан Шонанұлы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.  
Т. З: –384 б.

**ISBN 978-601-7317-74-4**

Екі бөлімнен тұратын бұл томның бірінші бөліміне автордың 1926 жылды  
Гашкентте жеке кітап болып жарық көрген “Қазақ жер мәселесінің тарихы” атты  
көлемді енбегі мен мақалалары, екінші бөліміне автордың өзі және шығармашылығы  
тұралы материалдар жинақталған.

**УДК 80.181  
ББК 81.2 Қаз**

**ISBN 978-601-7317-74-4  
ISBN 978-601-7317-55-3**

© Мырзабай Б. құраст., 2013  
© «Ел-шежіре» КҚ., 2013

## *Бірінші бөлім*

# **ШЫҒАРМАЛАРЫ**

---

## **ҚАЗАҚ ЖЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ**

Тұрмыс көркейіп, мәдениет ілгерілеу үшін отырықшылық көп әсер беретіні көзі ашық, оқыған адамдарға белгілі нарсе. Бұған ешкім таласпас: Қашанда, қайда болса да мәдениетті елдер – отырықшы. Қала берді, отырықшы бола бастанған соң мәдениеті арта бастаған. Өнер-білімі кем елдер тіпті тұрақсыз, қыдырма күйде, іә көшпелі. Бұл – талассыз шындық.

Соның үшін, әлі күнге дейін киіктей орғып, құландаі жортып жүрген көшпелі қазактарға «отырықшылыққа айнал, өзің үшін отырықшы бол» деушілер көп. Бұл ойға біз де ірекілместен қол коямыз. Мұны, әрине, қазак жүргіті да түсінуі тиіс. Олай болмасқа тіпті мүмкін емес. Мәселен, киізі жұлым-жұлым, қамаса мың торғайдан бір торғай үстеп қала алмайтын лашығынды өрелі ақ киізben жап дегеннің пайдалы ақыл екенін ұқпайтын қазак қазак па? Ал лашық жабарлық ақ киізді алатын жерін көзdemеске тагы болмайды. Олай болса, қазак кенет бойсұнып, отырықшылыққа айнала бастағанда, орналасарлық, отырарлық жерлеріміз қандай? Көп пе? Аз ба? Бар ма? Жоқ па? Осы жағын әнгіме қылсақ, мұнымыз қысыр кеңес болмас.

Бұл мәселені жете түсініп, дұрыс шешу үшін соның мәнжайын, тарихын жақсы білу керек. Сондыктан қыскаша, келте ақылдан да мәселенің бастан-аяқ мән-жайын айқындау ұғымдырақ та, халыққа пайдалырақ та болар. Мәселенің мән-жайын, шама-шарқымызын толығырақ түсінеміз десек, тарихымыздың, ең болмағанда, мұнан екі жүз жыл бұрынғы дәуірінен бастап, бері қарай жолаушыламасаң болмайды. Мәселенің мәні зор және қашаннан казактың кокейін кесіп келе жатқан әнгіме. Сондыктан «аяғымыз ауырады» дегенге карамай, окушымен

бірге шеті күнгірт тарткан ескірек заманының ішінен өз заманымызға карай аяндамасак болмайды.

Кала берді, бізбен төсекте басы, төскейде малы қосылып жаткан, мәдениеті бізден жоғарырақ сыйбайластарымыздың (сыйбай – жақын, аралас-құралас – Ред.) арасында осы күнге шейін қазак көшуге көндігіп кеткен, отыра қалып, кент салтына түсіп, дуан тұрмысына көндіккісі келмейді, оқығандары неге ұғындырмайды екен деген пікірлерді де табуға болады. Сондай пікірлсрді едәуір оқыған орыс азаматтарының аузынан талай естіп те жүрміз. Откен 1922 жылдың аяғында да естідік. Бұлай ойлау – кате. Бұл – жаңылыс пікір. Бұл жетіспеген, үстірт адамдардың ойы. Бұл – бір. Екінші, қазак жайын канша білемін дегенмен, біліп жетіспегендердің ойы. Үшінші, канша оқыдым дегенмен, тарих занын түсіне алмағандардың ойы.

Қазак бұл күнге шейін ерігіп көшіп жүрген жок. Тұрмыс, табиғат зандары казакты амалсыз көшіріп келді. Қазактың көниүін «дағды» дей-ак қоялық. Ал дағдының өзі не? Дағды дегеніміз – салттың бір атасының ұлы. Ғылым тілімен қысқаша айтканда: салт – өндіріс катынастарының, тұрмыс жүйесінің үстіндегі бір қондырма нәрсе. Қазақша айтамыз десек: тұрмыс жабдығы – адам тұрмысының, салтының, барлық әдет-ғұрынының, сол айтып отырған «дағдыныздың» – бәрінің кожасы. «Ас – адамның арқауы» дегендей, тіршілік жабдығы дегеніміз – сапп-сананың, әдет-дағдының, зан мен діннің – бәрінің арқауы. Сондықтан қазақ көшпелі болуының да арқауы – сол тіршілік жабдығы өндіріс катынастары болмақшы. Сол көшпеліліктің арқауы қайdan шықканын жоғарыдағы қате түсінушілер білсе екен дейміз. Ол арқауды төменде көрсетпекпіз.

Осиресе, Кенес үкіметі социал негізіне сүйеніп, жер мәселесін шешуге, жүзеге асыруға, елді коныстандыруға тұрғанда, қазақ жерінің тарихымен танысу өте керек деп санаймыз.

## **1. ЕСКІ ЗАМАНДА ҚАЗАҚ ЖЕРДІ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНГАН?**

Мұнан әлденеше жұз жыл бұрын өмір сүрген кызылбас халқының даңкты ақыны, жазушысы Фирдауси деген кісі (Фирдауси Шыңғыс заманынан бірнеше ғасыр ертерек өмір сүрген) «қазақ елі – жауынгер, шабағаншыл көшпелі» дейді.

Шабағаншыл – ескі сөз, түбірі – шабу, мәнісі – жауынгер, көкнайза деген. Ескі жырларда батырлар, мәселен, былай дең келеді:

Орактын ұлы Қарасай,  
Шабағаншыл ежелден  
Батыр ердің баласы-ай,  
Қатуланып, қырланды,  
Қатты жаман шамданды.

Фирдауси сөзіне қарағанда, біздің бабаларымыз Х ғасыр шамасында көшпелі. Көшпелі халық шабағаншыл болатыны рас. Мұны тарих көрсетеді. Неге дессеніз, көшилі ел мал асырайды. Мал бағу – шаруашылықтың бір жүйесі. Аңышлықта – шаруашылықтың бір жүйесі. Егіншілік те – бір жүйесі. Шаруашылықтың әр жүйесінің онімі әр түрлі. Аңышлықтан мал бағу, мал бағудан егіншілік тиімдірек, өнімдірек. Ел кошпесе малдан өнетін бұйым көшпелілерге жетіспейді, қоныс тарылады. Мал жұтап, адам түрлі киыншылықка ұшырай береді. Сондай кезде кошпелілер иә егіншілікten айналысыуы керек. иә қоныс кеніту үшін сыйбайлас (шектес, көршілес. – Ред.) елдермен амалсыз соғысуы тиіс. Ортаныш дәүірдегі Еуропанин үздіксіз канды соғыстарының мыкты бір себебі – осы қоныс тарылуы салдары. Көшпелі қазактың жауынгерлігінің дерегін – осы қоныс таласы деп ұғыну керек.

Қолдан, құштеп өріс, қоныс кеніту қын. Соның үшін кандай көшпелі ел болса да, ерте ме, кеш пе, амалсыз диканшылыққа айналмақ. Кәсіптің өтімдірек түріне кіріспек.

Байқап қарасақ, өте ескі заманда да, казакка ислам діні әсерін әлі жая алмай тұрған кезде, «Алланың» атымен шала та-

ныс кезде казак егін егіп, күн көргенін анғарамыз. Мұнан 50-60 жыл бұрын қазак тұрмысын, әдет-зыны шұғылданып зерттеген Сейдалыұлы Тілеу деген кісінің тасқа басылған мақалаларында мынадай өлен бар:

Шығырдың тұп атасы – Әлі Шынар,  
Шығырға сиынбасаң шығыр сынар.  
Шығырға Әліменен көп сиынсан  
Қашанда егін бітіп, көніл тынар.

Ескі замандарда да казак егін салудан қашпақ түгіл, шығырмен суарып, арық қазып, диқаншылық қылғанын жоғарғы ескі өлен көрсетеді. Бұрын ислам діні бойына сіңбей тұрған кезде, казак жылкы атасы Қамбар, түйе атасы – Ойсылқара, кой атасы

Шопан, Шығыр мен егін атасы – Шынар ден сиынған. Біздің Шынар орыс халқының бұрынғы бабалары славяндардың «Даждь бог» дегені, Шопан мен Ойсылқаралар «Велес» дегені, Гайса дінін алмастан ілгері кездегі құдайларына дөп келеді. Тілеу кезінде Торғай казактары шығырмен де егін салады еken. Егін салып болып, той қылып осы өленді айтады еken. Тілеу майдұматынша, ескі замандарда қазак жер жыртып болып, той қызып, Шынар бабаға сиынып, осы өленді айтыпты. Тұрмыс журнағы әдебиет, салт болса, Тілеу сөзі дұрыс.

Фирдаус заманында оған белгілі қазактар көшпелі. Олай болса, шығырмен суарып, егін салу онан соң деп айтуға болады. Маскеудің «Ивандары» кезінде казак мемлекеті Түркістанда болуы анық. Осы шығырмен егін салу ең бері болғанда, сол Гүркістанда тұрған дауірден басталады. Қолмен суарып, егін салғанда, жер бүтін қоғам басқаруында болған. Жеке арық қазып, жеке егін салу әр үйдін, иә әр шаруаның колынан келмейді. Көшпелі елде коныс жалпыға ортак. Әркім жеке коныс менийкей бастау аз-мұз отырып, егін салып, пішен шаба бастағанда шығады. Олай болса, ерте замандағы қазақтың коныс билеуі мен жер пайдалануы – жалпы қоғамға ортак болған десек қателеспеспіз.

XVII ғасырдың 20-жылдары кезінде қазак жонғардан жениліп, «Актабан шұбырындыға» ұрынды. Әрі жөнкіп, бері

жөңкіп, ақырында Орта жұз бен Кіші жұз Сарыарқаның Алғидың құба жонына қарай ағылады. Сарыарқаның беліне қарай ысырылады. «Алғидың құба жоны» деп Сарыарқа белінің Абасар, Торғай, Қостанай уездеріндегі созылған жонын айтады. «Алғидың құба жонында» деп қазактың ескі жырларында келді. Рычков «Топографиясында» сол жотаны Алғидың жоны деп жазады. Сол дөңшемен қосын жүргізген Алғи деңен бір батыр екен дейді ескі тарихшы Рычков.

Жем, Ор, Үрғыз, Торғай, Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу басы, Керей, Қышишак, Қоскөң, Құланөтисе, Терісаккан алантарына келіп құлады. Жем бойында калмақты, Тобыл бойында башқұртты (қазак кейде естек деп те айтады) конысынан аударып қуды. (Сарыарқа – Талдың жері.).

Адам баласы қашан да болса аз еңбектен көп найда шынаруға тырысады. Бұл түсінікті нәрсе. Адам өз күшін сақтауына бұл себеп болады. Адам күші сакталады. Мал қонысына кептен соң қазак онайырак кәсіп мал бақпай, киынырак егін жұмысына кірісе ме? Қазак табиғат пен тұрмыс заны бойынша амалды; таза көшпелі болды. Ен жатқан сары далаға қожа болды.

## II. ҚАЗАҚ ЖЕРДІҢ ҚАДІРІН БІЛЕ МЕ?

Біз түсіндірмей-ақ қазак жердің қадірін аса жаксы біледі. Оны тарихи тұрмыстың токпағы үйреткен. Жер шаруага қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылуга керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер – анасы, мал – баласы», «Жері байдың – елі бай» дейді ел. Халық ақының аузымен: «Жайықтың бойы жайлы киян, Манғыстаудың бойы шаңы киян» дейді. «Көк Есілден кеткен соң, жылқының конысы тағылmas» дейді. «Аішының бойы айтқыр, алалы жылқы жусан тұр», «Шыбышым лак салмаған, токтым қысыр калманан» дейді. «Қалдығайты, ғылдырты жер орнегін қарасан, колесінің түбі сайын бір жылқы» дейді. Бұл – жердің шаруаға жайының тұралы қазактың қозқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Манғыстаудың шаңды кияны» тәрізді жерлер коныска тұнба болмайтынын қазак жаксы біледі. Жерден айрыларда қазактың қабырғасы қайысып, омырткасы майысады. Жалғызынан ай-

рылгандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Казактың бір себептермен шаруаға тәуір коныстан айрылғанда айтқан олендері – өлікті жоктаган жылаулармен бірдей. Кенесары коныстан ауарда Доскожа ақын былай толғайды:

Мына жатқан сарғайып,  
Салынды копа, камысым.  
Салық ауылы қыстаган  
Ірғем тиген танысым.  
Бұл коныстан кеткен сон  
Кобеймес пе екен налысым?...  
Артымда қалып барасын,  
Бастары самал, тауларым!  
Арасы биік бауларым,  
Кетемін деген есте жоқ,  
Кетірді ұшпан-жауларым!  
Сарқырап аққан тастактан,  
Сабадағы сары қымыздай  
Сарқырап аққан бұлағым.  
Тобылғылы қалың тоғайдан  
Есепеіз өрген тышқандай  
Алтайы қызыл түлкі еді  
Ұлдарым киген тымағым.  
Қалірінді білмедім.  
Аман бол, кайран шырағым!..  
...Шагырлы жусан, изенім,  
Коныстан ауып күйзелдім,  
Ыңды жоқ, өрі жоқ,  
Алтайғанар жері жоқ  
Жазып салған макпалдай  
Аман бол, күмайт жерлерім.  
Осылар еске түскенде  
Кайтырмассын ба, ерлерім!..  
Артымда қалып барасын,  
Каратасты Шұбарым!  
Кызыны көрткөн етімін  
Ені білдім жылдаржын.  
Ағашым естен көтер ме?

Жапырак жайып гүлденіп,  
Көгеріп тұрған мұнарым!  
Карағайым, қайыңым,  
Жоқ еді коныс айыбын.  
Алты ай жаздай бір көшпей,  
Үлбіреген торғындей  
Кірсіз еді зайыбым...  
Артымда қалып барасын,  
Құркіреп жатқан өзенім  
Өзеннің бойын бос қойып,  
Сыртқы көгін жегенім,  
Құр атыма теңелген,  
Жазғы мінген көбенім.  
Конысым қолда тұрғанда  
Болашақ еді дегенім.  
Ат мініп, жарақ асынған  
Сағынар мырза өз елін.  
Күнде базар Есілді  
Халқымыз не ғып сағынбас?  
Бұл қоныстан кеткен соң,  
Кемімес пе екен жарым жас?  
Еті тәтті, сүті бал,  
Исі жұпар аңқыған,  
Сары қарда жайылған,  
Сары аязда жусаған,  
Көк Есілден кеткен соң,  
Жылқының қонысы табылmas.  
Семіртуші еді жылқыны,  
Қом жасатқан түйеге,  
Алабота, тарлаумен  
Қараойға біткен бетеге  
Адыра қалғыр Құлманбес  
Кенекем сенен айрылды...

Қарға бойлы Қазтуған батыр қонысынан ауып бара жатып Шеркөптімен (Шеркөпті Қазтуғанның замандасты, батыр. Бұлар Еділ-Жайық арасынан ауған деседі) коштасын тұрын. қалып бара жатқан қонысына қараң толғайды:

Адыра қалғыр көк Жайық,  
Анырап қалды-ау қонысым!  
Қонысымнан ауған сон,  
Кемімесе иғі еді ырысым?!  
Таудағы тарлан бөрі едім,  
Тарылғанға ұқсайды тынысым ...  
...Нарын, сені қайтейін,  
Жатып қалған боз тайлақ  
Атан болып өрген жер.  
Жатып қалған бір тоқты  
Мың қой болып өрген жер.  
Атамыз қазақ ежелден  
Анықталып туған жер,  
Кіндігімді кескен жер,  
Кірімді аппақ етіп жуған жер,  
Жайық, сені қайтейін!  
Ағашың айбар көрінген,  
Жапырағы жерге төгілген.  
Жапырағы жасыл ала қамқадай,  
Бұтағы бүрәма күміс алқадай.  
Балдырғаның білектей,  
Баттауығың жүректей,  
Бұташығың мұнардай...  
Жолдасын жолай іздеген,  
Өзіне тиғен дүшпанын  
Қарт бурадай тістеген,  
Карғадай бойлы Қазтуған  
Қайғыланып барамын,  
Ногайлы-қазақ елімнен!  
Аксұңқар едім, мен ұштым,  
Қауырсыным тұлеген,  
Қалыңды, қопа көлімнен.  
Дұлығалы кара нар едім,  
Қатарланып барамын  
Қарсыласып жатқан жерімнен.  
Біз сықылды ерлерді  
Жаратты ма екен құдайым,  
Тек кайғыға шіріп, өлуге,  
Бала үшін туған кейіннен...

Міне, қазактың жерге көзкарасы! «Ылдыы жок, орі жок, ат тайғанар жері жок, жазып салған мақпалдай», «Күнде базар Есілге», «Жатып қалған бозтайлақ атан болып өрген жерге», «Жатып қалған бір токты мың кой болып өрген жерге», «Жапырағы жасыл ала камқадай», «Бұтағы бұрама күміс алқадай» ағаштарына орнығып, казак неге отырмайды?

Бұл көдесі макпал түгіндей, көк майсалы жерлердің тарихын төменде баяндамақпыш.

### ІІІ. ҚАЗАҚ ЖЕРІ МӘСЕЛЕСІНІҢ ДӘУІРЛЕРІ

Қыс бойы жерді көрпедей жауып, тоңазып жаткан кар күннің көзі жібіткен соң, жазғытұрым еріп, су болып, орнында тұра алмай амалсыз сел басып, сарқырап төмен ағын ылды жерге жиыла бастайды. Ойпаң жерді көл қылып жібереді. Су өте мол болса көлді толтырып жиектен де асады. Аласа жер тауып, амалсыз тағы ары ағады. Кей кезде адам баласы да коныс ретіндегі тұрмыста, осы селдердің ағынына ұқсан қозғалып, кимылдан, елдің бірсыптырасы ата-баба конысын тастан, жат жерге ауа бастайды.

Міне, осы сиякты ауып, екінші жерге келіп орнығып, мекен теуіп, жаңа коныстың игілігін көре бастаған адамдарды Еуропа тілінде «колонист» дейді, казакша «келімсеек» деп айтады. Отаршылдар орнаған, орнал жаткан конысты Еуропаша «колония» дейді, қазакша «отар». Ағып келе жаткан судың тасқынына бөгет, кесе сокса. ағын токталмак, іә ағыстың күшімен бөгетті бұзып, су өзінің токтарлық жеріне барып, тынышып. Бөгет бұзуға су да күш жұмсайды. Осы сықылды отаршылдардың алдына да тұрғын ел бөгет болып, карсы тұрмак. Тұрғын елді бүктемеде қалдырып, отар жерді жем қылуға отаршылдар күш жұмсамақ. Күшке косып, еп те жүргізбек. Отаршылдардың тұтынатын ебі мен кошін Еуропаша «колонизаторство» дейді, қазакша «отаршылдық» деп айтады. Орыс үкіметіне, орыс жүртіна қазак жері орыс кол астына кіргенмен бастап «колония» – отар болып келген. Отаршылдардың кону, кону һам жана коныска орнығы ретін, ғылым тілінде «колонизация» дейді, қазакта «отарлау» дейміз.

Қазак жерін орыс халқы отарлауы екі түрлі болды: бірі – орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлауы (вольная колонизация). Екіншісі – ресми отарлауы (правительственная колонизация).

Орыс ішінде түрлі саяси, діни һәм шаруашылық жағынан корлық, зорлық, қысымшылық, кемшілік көргендер шым-шымтап қашып шығып, казак жерін иемденген. Қала берді, қазактың анқаулығына сүйеніп, жерінің байлылығын пайдаланғысы келген саудагерлер, талапкерлер де Ресейден шығып, казак жерін отарлай бастаған. Міне, осыны орыс халқының өз бетінше отарлауы деп атайды. Бұлайша ешкімнен сұрамай отарлау қазак орыс кол астына қараған кезден-ақ басталады. Бұл түрлі қалып әлі жетісken жок. Мәселен, «1920 жылы Оралдан келген мұжықтар Әлімбет, Теректі, Актөбе болыстарының жайлауы һәм Актөбе болысынан – 2, Теректіден – 3, Әлімбеттен – 3, барлығы 8 ауылнай 1911 жылдан бері егін салып отырған Улкенқөлін басып конып, әлі иемденіп отыр. Орыс 52- ақ үй» («Енбекшіл қазак», 1928 ж., 64-нөмірінде).

Ресми отарлау дегеніміз – үкіметтің рұқсатымен үкімет көрсеткен жерді меншіктеп отарлау. Бұл түрлі отаршылдық та қазак орыс кол астына кірген мезгілден басталады. Бұл күнде Қенес үкіметі отаршылдық жолы жойылсын деп отыр. Сырттан переселениені (отарлаудың бір түрі, баяғы мұжықты қазак жеріне көшіру сиякты), автономиялы республикаларды жабу да ашу мәсслесін ВЦИК-тің билігіне қалдырып отыр. (Жер кодексінің 223-бабы). Бір жерден екінші жерге көшемін иә коныс қараймын десе, әркімнің ықтияры бар (Жер кодексінің 222-бабы). Қазак жерін көп талаған, қазак шаруасына көп кесірі тиғен – ресми отарлау. Соның үшін әңгімеміздің кіндігі ресми отарлау жайында болады.

Қазак орыстың кол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшаныл үкімет қазак жеріне жерік ауруға ұшырап кол сала бастаған. Қазак жерін отарға айналдыру, қазак даласын талау тарихын екі дәуірге болуге тура келеді: 1) Орыска бағынғаннан бастап XIX ғасырдан 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты қазактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін кара шекпенділер үшін жер алу дәуірі.

#### **IV. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОРЫСТЫҢ ҚОЛАСТЫНА КІРГЕНДЕГІ ШАРТТАРЫ**

Ескі үкімет заманында оқымаған байтак ел түгіні, жер мәселесіне ат үстінен таныс ел арасындағы оқыған азаматтар ішінде де үкіметтің казак жерін алуының жолсыздығын көрсету үшін: «Біздің Әбілқайыр кезінде орыс патшалығына бағынғанымызда біздің жерімізге тимейміз деген үкіметтің уәдесі бар» деушілерді табуға болатын еді. Анайы халықтың көбі де осылай деуші еді. Бұлай деушілік – бір жағынан, айтушылардың анқылдақ ұшқарылығын, екінші жағынан, іспен жете таныс еместігін байқатушы еді. Анқылдақ ұшқарылығын «сол өзің берген уәденді өзің жұттың» деп, бетіне қалып кон жамаған ескі үкіметті ұялтам, кінәсін бетіне басам деу іспен жете таныс еместігін көрсетеді. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» сергелденіне түсіп, ата-коның мекені Түркістаннан көтеріліп, ел басынан бак, ұл атадан, қыз анадан айрылып, жөңкіп, босып келе жатып:

Қаратудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.  
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман, қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бак-дәulet ұшқан заман!  
Шұбырғанда ізінен шаң борайды,  
Қаңтардағы кар жауған қыстан жаман!  
Мына заман кай заман, бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман?  
Атадан ұл, анадан қыз айрылды,  
Көл қылып көздің жасын ағызамын! –

ден жылап, шұбырып келіп, Орта жүз бен Кіші жүз Жем. Елек басы, Ор, Тобыл басы, Есіл, Нұра, Сарысу, Каракенір, Сарыкеңір, Жаманқөн, Жаксықөн, Керей, Қыпшак, Терісаккан. Ырғыз, Торғай өзендерінің бойына құлаған. Ол кезде Жем мен Електе қалмақтың торғауыт деген руы тұратын. То-

был, Үй, Бозбие бойларында башкүрт, Сібір жонында; Ертіс өлкесінде калмақ, Темірқазық жағында орыс пен Сібір татарлары тұратын. Қазактар келген екпінімен калмак, естекті бірін Жайыкка, бірін Орал тауына карай асырып жіберіп, костарын алған. Шакырусыз келіп жерін алған «әдепсіз» көршілеріне наразылық жүзбен қарап калмак пен башкүрт казакка дүркін-дүркін шабуыл жасап, мазасын алғын тұрған. Сыбайлас елдерге аламанға («аламан» деген алудан шыккан түріктің сөзі, мағынасы жауға аттанған күш деген) Оралдың атты казактары да шабаганышыл көршісін жаратпай өктын-өктын шайқасып тұрған. Батыс тұстан аламанышыл түрікмен құнде ат ойнатып, онтүстік шетте қаракалпақ пен сарттан да мазасы кетіп, Қытай жақ қабырғасынан жонғар ығырладап, өте қысаңқы қүйде тұрғанда казак орысқа бағынуды ойлаған. Айнала түрған жаудың дүмпуімен орыстың кол астына кірген казак өзіне тиімді негізгі шарттарды коя алмағаны анық. Ол шарттың сөзін түгел келтірсек, бұрын оқымаған қыр қазағы танысадар һәм неғізіне түсінер деген оймен казакшалап, сөзін түгел келтірмекпіз. Катын патша Анна Ивановна Әбілқайырдың жіберген елшілеріне «казақ елін кол астыма алам» деп жіберген грамотасы (жарлық хаты) міне:

«Ресейдің кол астына алу туралы бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қырғыз-кайсақтың аламанына берілген жарлық хат. Құдайдың жарылқасыны арқасында біз, ең иұрлы, ең қуатты ұлық ханы Анна Иванқызы барлық Ресейдің патшасымын һәм жеке-жалызы билеушісімін және тағы басқа дәрежелер иесімін. Қырғыз-кайсақ ордасының бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық кайсақ аламанына патша қазіретіміздің жарылқасыны жаусын. Сен Әбілқайыр ханың елшілері Қомтайұлы Құттымбет пен Койданқұлұлы Сейітқұл арқылы барлық жерін, елінмен біздің кол астымызға кіріп, Ресейдің қарашибарымен һәм башқұрттармен тату тұрамын деп жазған тілегінізді біз кордік. Әбілқайыр ханың елшілері, сені кайсақ аламанымен бірге біздің кол астымызға мына шарттармен кіргің келеді деп баяндағы: әуелі, еіз біздің патша қазіретімізге шын қоңілмен кызмет қылып, башқұрттарша салық төлегініз келеді. Екінші. Ресейдің қарашибары тарапынан сізге ешбір соккы һәм

талан-тараж болмаса еken дейсіз. Үшінші, сіз қайсақтарға бір жау тие қалса, біздің патша қазіретіміз, сіздерді Ресейдің басқа қараашаларымен тен корін, корғаса еken дейсіз. Гортінші, башқұрттар һәм Ресейдің басқа қараашалары алын кеткен жесірлеріміз кайтарылса еken дейсіз. Және біз де тұтынға алған орыстарды кайтарып, башқұрт һәм қалмактармен тату тұрамыз деп уәде бересіз. Біз ұлық ханым қазіретіміз, бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қырғыз-қайсақ аламанына жарылқасынымызды тигізіп, жоғарыда жазылған шарттарыңызды тілегіңіз бойынша қабыл алып, сіздерді қол астына кіргізуге бұйрық еттік. Соның үшін, сіз Әбілқайыр хан һәм барлық қайсақ аламаны біздің патша қазіретімізге һәм біздің орынбасарларымызға шын қоңілмен қызмет етуге тиесіңдер. Бір жерге қызметке бар леген патша қазіретімізден жарлық бола қалса, Ресейдің барлық қараашалары мен башқұрт һәм қалмактарымен катар тартынбай. көрсеткен жерге барасындар. Жайықтың атты қазактарына, башқұрттарға, қалмактарға һәм басқа қараашаларымызға тимей, оларға карсы жорыққа аттанбай, зәбірлемей, тыныш-тату тұрасындар. Сіздің орданызға арнап шыққан, болмаса сіздің орданыз арқылы отін бара жаткан саудагерлердің керуеніне жол токтату қылмай, зәбірлемей, қауіпті жерлерден өтерде корған. жәрдем бересіңдер. Сен, Әбілқайыр ханның елийлері біздің дидар шартымызды корді. Мәскеуде түрғанда оларға нәпака беріліп тұрып, кайтарында біздің тарапымыздан алапа берілді. Енді олар, сен Әбілқайыр ханға қайтарылды һәм олардың жолына қолік һәм нәпака берілді және сен, Әбілқайыр хан, біздің патша қазіретіміздің жарылқасынына дәмелен. 1731 жылы, акпаниң 19 күні, біздің патша болғанымыздың екінші жылы Мәскеуде берілді».

Міне, Әбілқайырдың атакты шартының нүктө қалдырмай жазғандағысы. Бұл шарттан жер жайында деректі әнгіме болмағаны анық көрінеді.

Г.Н.Потанин айткан: «Сібір – Ресейге сыйлық болды» деп (Потаниннің «Сібірдің басындағы мұндары» леген мақаласында.. «Деврнен» баспаханасы. 1908 жыл, 293-бет). Сондай-ақ казак жері де Ресейге тегін сыйлық болды. Орине, әнгіме койылған шартта емес, кейінгі істе болуға тиес. Біз енді сол іс жайын баяндамақпыш.

Ресейдін қол астына кіргеннен бері қазак жерінің тарихы – колония тарихы. Колония тарихы – бірте-бірте казак жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы. Адам баласының тарихын, тұрмыс-салтын өзара катынастарына бағытқа салып мұрындықтап, жетелеп жүргізіп отырылатын мыкты күш – қәсіптің, өндірістің әдістері. Үкімет саясатында зерберуші, міне, осы күш. Колония саясатында бағыт беруші сол. Бұл даусыз шын.

Қазак жерінің мәселесі – орыс мемлекетіндегі колония саясатының тұп-тамырын білмей тұрып түсініксіз. Соның үшін біз енді XVIII ғасырдың бас шеніндегі колония саясатының ашық һәм бүркемелі себептерін окушы зейініне ұсынбакпзыз.

Казак-орыстарға алынған жерлер, қазақ даласында салынған камал һәм калаларға кесілген жерлер туралы әңгімелемекпіз.

## **V. ҮКІМЕТТІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІН АТТЫ ҚАЗАКТАРҒА ТАРТЫП АЛЫП БЕРУІНІҢ СЕБЕПТЕРИ**

Қазак жеріне ресми жолмен мұжықты отарға айдау өткен ғасырдың 80-жылдары аяғынан 90-жылдардың басынан майданға айқындалып шығады деп жоғарыда айттық. Бұл дәүірге шейін үкімет қазак жерін атты қазактар һәм түрлі қызметтегі адамдар үшін талап, телімге салып келді дедік. Ол талаудың тамыры кайдан шыққан, себебі не, соны окушылардың зейініне ұсынып өтпекпіз. Үкіметтің қазак жерін атты қазактар пайдасына телімге салуының зор шаруашылық, европашағылым ілімімен айтканда, экономикалық себептері болды. Шаруашылық дегеніміз – өндіріс жұмысы, өнімді бөлісу жолы. Бұл скеуі өндіріс катынастары орысша, Маркс бейнелейінше, «производственные отношения». Марксшіл экономикағылымы сипаттауынша, әлеумет тұрмысының дінгегі, негізі осы өндіріс катынастарының үстіндегі бір «кондырма». Мысал келтірсек, өндіріс катынастары табиғаттың жағдайы һәм жердің күйінде да, ал саясат осы шарттардың ынғайына карай болатын жер бетінің түгі. Соның үшін, табиғат жағдайына карай шөп шығатындей, ондіріс катынастарына карай саясат болады.

Бірақ өсіп алған жер түгі табиғаттың басқа жағдайына (мәселең, ауасына, топырағына) әсер беретін сиякты, ұсталып тұрған саясатта өндіріс катынастарына, шаруашылыққа зор әсер береді. Қазак жерін талаудың түп себебі шаруашылықтан шынса да әлгі баяндауымыз бойынша, бұл түп себептен саяси себептер һәм мақсаттар да шығып, тұрмысқа уытын жайды. Сонымен қазак жерінің алғаш талануының шаруашылық һәм саяси себептері болды. «Саяси себеп» деген сыйайы сөзді дұрысынан айтсақ мұны полицейский мақсаттар деуіміз деп, неге десеңіз. Ресейдің ішкі саясатында полицейский мақсаттардың даурун сүрмелеген кезін тарих білмейді, оны әлі әнгіме етеміз.

Қазак орынса бағынардан сәл ілгерірек Ресейде сауда майданға шыға бастады. Сауда арқылы, яғни затты он ірушілден тұтынушыға тасымалдап жетістіріп, өндірушінің еңбетінің күнін кем төлсіп, еңбек сорушы байлыкты сауданыл капитал дейді. Саудашыл капитал – капитализмнің алғашкы дәүірінде туады. Сауданыл капитализм алғаш кездे озі тіпті зат өндірмейді, тек біреу істеген нәрселерді ғана алыш сатын пайда қылады, бері келе өндіріске араласа бастайды.

Өзі зат өндіруге мол катысы бар капиталды – қәсіншіл капитал дейді. Бұл капитализмнің соңғы түрі һәм сауданыл капиталдың ізінен майданға шығып, оның әзірлен койлан орнын басып, омір сүретін түрі. Еуропа, Америка, Жапония һәм басқалар осы күні промышленный капитализм сатысында тұр. Қоғ мемлекеттерде бұл капиталдың «финансовый капитал» деген үлкен атавы өндірісті баскарып келе жатыр. Капитализмнің түрлері әлденеше, бірақ біздің білуімізге керегі әзірне саудашыл һәм қәсіпшіл капитализм, бұл екеуінсіз қазак жері талануы түсінікей болмак. Қәсіншіл капитализм жорыққа шынып, даурун сұру үшін керек бір шарт – жиылған үлкен дәүлет, байлық. Міне, осы дәүлетті жинаи беруші саудашыл капитал. Осы дәүлеттің ғылым тілінде «алғашқы кор жинау» дейді. Алғашкы кор жинау үшін саудашыл капитал кашан да болса, кай жерде болса да байлығы бар, бірақ өнері томенірек жұрттарды канан, сорып, тіпті жер үстінен жойып жіберуге тайынбайды. Мәселең, Еуропаның саудашыл капиталы алғаш бастап Азияны, сонынан Африка, Американы тіп-тіке талап, алғашкы кор жинаған.

Ортаншы дәуірде Еуропадағы христиандар Кіші Азиядағы мұсылмандарға қарсы аты шулы, атақты айға қарсы «крест» жорығын бастауы – дінді бүркеніп, Азияның байлығын соруға істелген кәсіп болатын. Венеция һәм бірқатар генуялықтардың Стамбулды жеңіп алған, Византия империясының көп жерін өзіне қаратуы Византия саудасын езіп, Италия саудасының жолын алуының табиғаттың токтайтын тыңғысы еді<sup>1</sup>. Крест соғыстарын Италия калалары өз сауда максаттары үшін пайдаланды. Крест жорығындағылар Генуя, Венеция, Пиза кемелерімен пайдаланып, шығыста осылардың арқасында жер жаулап алған, талаған мұліктерін тасыды. Крест жорығындағылар Италия саудагерлерінің аткан оғы болды. Италияндықтар жәрдем көрсеттім деп, саудасы үшін артық құқыктар һәм кейбіреулері бүтін қалаларды өзіне қаратып алды. Мәселен, Генуя саудагерлері жәрдеміміз үшін деп Балловияны өзіне меншіктеп алды. Цезареа, Арсофа калаларының үштен бірін һәм Құдыс, Яффа шаһарларының бүтін кварталдарын алды<sup>2</sup>.

Саудашыл капиталдың аты тек сауда делінгені болмаса, ісі – тонау, талау, қаракшылық. Соның үшін алғашкы Еуропа саудагерлері «Конкистадор» атағын алған. Елді талау үшін бұлар әскер жиып, қанды соғыстар да ашқан. Соғыс артынан женгендегі Куско деген бір каланы еурпалықтар шапқанда 33 млн. марка алтын талап алған. Американың Мексика деген жеріндегі Куско деген бір каланы еурпалықтар шапқанда 33 млн. марка алтын талап алған. Американың жалғызы Перу деген жерін алғанда, Еуропа әскерінің бастығы Писарро бір өзі 279 мың сомдық алтын алған, кара солдаттың әрқайсысына 28-32\$ мың сомнан алтын алысқан. Осы комакты алтын ізденгенге дейін Америка сықылды жаңа жерлер ашылған еді. Христофор Колумб, Васко да Гама сондай алтын-күміс байлық іздеп, шарқ ұрушылар болатын. Еуропада ортаншы дәуірде күмтастан алтын жасаймыз деп әуреленген «калхимик» деген оқымыстылар, «Алхимия» деген ғылым болғаны – осы алтынкүмарлық, алтынға аңтары анылғандықтан туған еді. Ислам дінінде де дұға көбсійп, құнсыз нәрсені дұғамен алтынға айналдыруға болады деп молдалардың, ишандардың шатасуын алтынкүмарлық деп түсіну керек. Писарролар тәрізді тіке талаудан басқа, Еуропаның саудашыл капиталы шет елдерлі айыр-

бас жолына талаған, топтап құлдыққа салып жұмыс істеген. Қарсыласқаның жер үстінен жок қылып жіберген.

Жаңа ашылған Америка, Африканың, Азияның кейір жерлерінің алтын-күміс байлығын талау, елін канан, қоңыр түстілерді құлдыққа сатып, жұмысқа салып, колония халқын кен қаздырып, жер астында тірідей шірітіп қыру, капитализм дәуірінің жаңа сарғайып атып келе жатқан таң мезгілі. Еуропаның байлығы колонияларының көз жасы, қаны, - дейді Маркс.

Енді сауда капиталының колониядағы кимындарымен танысып, Ресей колонияларына келелік.

Жоғарыда айттық, Ресейде сауда капиталы қазақ орыс коластына кірердін алдында майданға шыға бастады деп. Ресей тарихи шарттар бойынша, кенжелеп қалып, Үндістан, Америка, Африка сыйылды алтынды бай колонияларға қолы жетіспей қалады. Петр I заманынан тұрмысының біркатарапы суропаша өзгере бастаған, саудасы һәм жан кәсібі де аз да болса дами бастаған Ресейге колония керек болды. Ол колонияны Ресей Азиядан іздеді. Әсіресе, Үндістанның алтынның жерік болды. Ресейге келген Хиуа елшісі Әшіrbai һәм түрікмен Қожанепестің «Азияда алтын көп» деген сөздерімен. «Алтын іздел тап, Үндістанға шейін сенімді адам жібер» деп. Ак теңіз арқылы I Петр 1716 жылы 1500 атты казак князь Александр Бекович Черкасскийді жібереді. 1717 жылы Черкасский дескертімен Хиуа халқын қырган соң, Азияга Ак теңіз, Хиуа арқылы жол ашу көзі жетті. Осы Черкасскийдің жорығымен қатар 1716 жылы Омбы корғаны салынып, «Ертіс басында Жаркент деген қаланың маңында таусылмайтын алтын бар» дегенді естін. Петр I Ертіс өрлеп «алтынға жет» деп подполковник Бухтолын-ті жұмсаған еді. Бірақ бұл екі жол да Азияның байлығына орыс үкіметінің сауда капиталының аузын онай тигізбейтінін сезін, үкімет орталықтан қазақ даласын иемденуге көзін көнітен алартып жүретін. «Қазақ даласының үстімен барып, Орта Азияны отар қылу һәм сауда, басқа кәсіп жүргізу ең әуелі Петр козғаган ой»<sup>3</sup>. Петр жан-жақтан Азияға кісі аттандыруы – суропаша алтын, колония іздеуі сонын үшін Петр қазақ даласын иемденіп, «сол жерге қайрат жұмсан, барлық онтүстіктегі Азияға жол

ашу керек» деген. «И через по своим героическим намерениям путь вовсю полуденную Азию отворить»<sup>4</sup>. Петр мақсатына жете алмай кетті. Оның ойы Анна кезінде орыстың кол астына казак қарай бастағанда жүзеге шыға бастады<sup>5</sup>. Қазак орысқа әуелгі кезде сауда жүргізетін отар болды. Оңай отар тапкан Ресей, Еуропаның саудашыл капиталы өз отарларына не істесе, казак жеріне де соны істеді.

XVII ғасырда Енисей қазактарының бір ханы ханымымен екесі «Жауымыз көбейіп, тынышымыз кетті, біз орыстың кол астына кірер едік» деп, Томның воеводасына келсе, воевода салған жерден ханымның үстіндегі қымбат құндыз ішігін иғынан сыптырып алып, қоя береді. Қазак өкілдері кайтып кетіп, сөйлесті доғарып, орысқа ошігеді<sup>6</sup>.

Әбілқайырға берілген 19 акпандағы грамотада орыс үкіметінің «Орыс керуенін корғайсын» деген сөзі – саудашыл капитал казак жерін шыға көшіп, кіре жайласын деген сөзі еді. Азиядан отар жасап, казак даласын сорып, бірте-бірте Үндістанға кол салам деген максат еді. «Күдай қосса, бәлкім, бұл жерлерден басқа мемлекеттерден ғөрі оңайырақ Ресей мемлекеті байлық, казына тауып алып келер» дейді сенатка берген баяндамасында Петр шәкірті Неплюев<sup>7</sup>. Орыс үкіметінің жатық тілімен айтқанда: Азия тұрпайыларымен шектес бетін кауіп-катерден корғау үшін камал тұрғызып, ескер орнатамын дегені, яки Азияны, қазақты талаушы саудашыл капиталын орыс каруының күшімен корғап, қарсы тұрған «азиаттар» болса, қолымнан келсе жоғарыда айтылған арал елдеріндегідей тұқымымен жоқ қылуға тайынбаймын дегені еді.

Орынбордың бастапқы әкімі Кирилловка берген нұсқаулының 11, 12, 15-тартмактарында катын патша Анна: «Қазак жерінен алтын-күміс табуға тырысу керек. Соның үшін ең әуелі керуендерден қалдырмаи инженерлер жіберілсін. Табылған алтынды закөнге сыйғызып алам деп әуреленбей, саудагер ретімен пайдаланыңдар», – дейді. Мұның мәнісі – казак даласының асты-үстіндегі байлықтың рақатын, қызығын орыстың саудашыл капиталы көрсін деген сөз.

Орынбор қаласы салынарда орыс үкіметінің саудагерлерге айрықша құқық бергені<sup>8</sup>, беріркте басқа қалалар саудагерлері-

не де бостандық берілуі – саясаттың тізгіні қазак даласында сауда капиталының қолына ауып келе жатканын білдіреді. 1743 жылы Орынборда, 1750 жылы Троицкіде сауданы ұлғайту үшін мынанайлар (меновой) салынады. Қазак даласының байныны – алтынын, құмісін Ресейге тартуға һәм қылышында. Рычковтың есебінше, қазак жағынан алтынып тұрған бұйымының ең көбі, ең ардақтысы алтын мен құміс болған. Қазак даласынан Ресейге алтын, құміс кіріп тұрған, бірақ шыкпаған. Бұл арыстанға түлкінің: інге кірген із бар да, шыккан із жок дегенін еске түсіреді. Неплюевтің Сенатка берген есебінде қазак жактан 1748-1755 жылдары 50 пұт алтын, 5 мың пұт құміс алтынан айтады. Есепке салынбағаны канина екені, орнине белгісіз. «Орыс саудагерлері бұл тиынға тиын пайдада қылды» дейді, 1749 жыны Сыртқы істер коллегиясына берген баяндамасында Неплюев<sup>16</sup>. Ол кезде қазак Орынборға қарайды. Орынбор үалаяты орыс байларына майборық болғанына, Еуропа колонияларынан кем болмағанына бір мысал келтірелік. Қазак орысқа бағынаннан соң, Ресей жағынан «адал» көсіп іздеп келген талапкерлер болған. Солар аз жылдар ішінде дүркіреп байып, кон жерге, көп құлға не болған. Сол алғашкы байыған адамдардың ең ісі берекетті болғаны Неплюев әрінгесі Твердышев деген. Организа дәулет жинаған Мясников деген болды. Мясниковқа қазак топырағы май болып жұқканын аңгарасын: «Мясниковтың әуелі іске кірісіп, зауыт ашарында 1756 жылы мойныңда жары милиондай борышы бар еді, 28 жыл ішінде 8 мың мұжыкты сатып алды, бірнеше зауыт ашты, барлық бүрінші борышынн отеді һәм екі жарым миллион сом таза капитал алды<sup>16</sup>. Отарын доғал орыстығына тартып, еуропаша жөндөй алмады лесек, Неплюевке, Мясниковтарға обал толық болмағандық болады. Осы сықылды отарды сорып тұрған капитал саясаттың жетегіне ермейді, саясатты өзі мұрындықтап, жетелеп отырады. Осы зілді шаруашылық негіздік үстінде үкіметтің саяси максаттары бір «кондырма» нәрсе еді. Енді үкіметтің сол кездегі қазак жеріне ұстанған саясатын шолмакныз.

Бір үкімет халықка қандай жағымсыз болса, бір ұлтты ио бірнеше ұлтты езіп, қорлықта ұстаса, жібімнің тігісін білірмеймін, халықтың көзін алжастырамын деп, көл астындағы

кемшілікте жүрген халықтарды біріне-бірін шокпар ғып жұмсайды, араздастырады. Ондай үкіметтер елді жауластырсан билейсің деген жолды тұтынады. Орыс үкіметі қашанда дұрыстық жолды білмейтін, соның үшін кол астындағы елдерді бірімен-бірін жауластырып отыратын. Колония қылып талап жатқан қазақпен көрші елдерді ит пен мысықтай ғып койса, үкімет өзінің қарандырып отыратын. Колония қылып бермек. Үкімет сол кезде казак жерін атты казактарға алып берсе, бұл екеуде араздаспақ, тістеспек. Керек мезгілінде атты казак қазактарға қарсы үкіметтің қамшысын сокпақ, қала берді, саудашыл капиталдың жолында кедергілер тұрса, оны сол казак-орыстар жоймақ, орыс капиталының қолындағы жансыз таяқ болмақ. Сонымен, қазак жерін казак-орысқа алып берсе, үкіметтің әрі екі елді араздастырып, әрі сауда капиталының таяғын соғушы тауып, екі коянды бір сілтеп ұрып алғаны есебінде болады.

Орыс үкіметінің ел арасын жарғыштасам бекем билейміз деген тәтті киялды әлпештегенінен еді. 1745 жылы башқұрттар үкіметке тегіс көтерілген, үкіметтің Орынбор ишанын ақшаға жалдап, башқұрттар казакты бағындырамыз деп жасанып жатыр деп, ишан арқылы қағаз таратып шағыстырып, башқұртты казакқа, казакты башқұртқа қырдырғаны. Екатерина екіншінің тепкісіне шыдамай, 1772 жылы Еділ мен Жайықтың арасынан Жонғарға қашып бара жаткан қалмақтың торғауыт деген аталығын, сендерді талауға келе жатыр деп қазакты желіктіріп, қалмақты казакқа қырдырғаны үкіметтің сол «жауластыр да биле» деген жолға әбден құныққаны еді. Қатын патша Анна Иванқызының Кирилловқа құпия берген угітінде айтады: «Қазакты башқұртқа, башқұртты казакқа қарсы сал, екеуді иланы қойса, біріне-бірін шокпар қыл, орыс әскерінің күшін күт» деп. Ол күшін күткен орыс әскерін орыс саудагерлерінің сауда капиталының қолындағы казакқа қарсы жұмсайтын кару қылмақ. Үкіметтің бұл мақсатына казакты әбден жуасытып, құрықсыз қолға тұрғызсам екен, аранымды толық жүргізсем екен деген ниет қосылды. Бұл талабына жету үшін үкімет казак жерінә әскер орналастырып, жер беруге керек болды. Орыстың сауда капиталы қазак жерінің байлығын ындыны-